

2023 жылғы және 2024 жылдың екінші жарты жылдығындағы
Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасы
Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, облыс әкімінің
тапсырмаларын бақылауға алып, талдау жүргізу.

Жоба *авторы:*
Атырау облысы әкімі
аппараты
бақылау және талдау
бөлімінің басшысы
Шахметов Фархат
Кенжебекұлы

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмаларын орындау және Атырау облысы әкімінің басқармалары мен қалалық және аудандық әкімдіктеріне берілген хаттамалық тапсырмаларының орындалысын бақылауға алу және талдау жүргізу.

Мақсаты

Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмаларын орындау, жергілікті және мемлекеттік басқаруды жетілдіруге бағытталған іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етіп, облыс әкімі аппараты жұмыстарының нысандары мен әдістерін зерделеу, қызметтің әр түрлі бағыттары бойынша оң тәжірибені жинақтап-қорыту, облыс әкімдігі отырыстарына, облыс әкімінің аппараттық кеңестеріне жұмыс материалдарын дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Облыс әкімінің хаттамалық тапсырмаларының хаттамасын жасақтап, «Интегро» аналитикалық ақпараттық жүйесіне енгізу және олардың сапалы орындалысын бақылау және талдау.

Мәселенің өзектілігі

Облыстық басқармалар мен қала және аудандар әкімдіктерінің Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің, облыс әкімінің стратегиялық, ұзақ мерзімді және орта мерзімді міндеттерінің орындауларына бақылау

жүргізуді ұйымдастыру. Кеңестерде берілген тапсырмалардың орындалуына үздіксіз бақылау жүргізу.

2023 жылғы және 2024 жылдың екінші жарты жылдығындағы облыс әкімінің хаттамалық тапсырмаларына және іссапарға шығуға талдау жүргізу туралы:

Атырау облысы әкімінің қатысуымен өткен ҚР Үкіметінің селекторлық режимдегі мәжіліс қорытындысы бойынша жиналысы мен облыс әкімінің аппараттық, аудан тұрғындарымен кездесудегі, селекторлық режимдегі өткізілген жиналыстары бойынша 129 хаттама рәсімделіп, 845 тапсырма бақылауға алынды.

Жоғарыда аталған тапсырмалық хаттамаларды «Интегро» аналитикалық ақпараттық жүйесіне енгізіп және олардың орындалысын бақылауға алу арқылы жұмыс бір жүйеге қалыптастырылды.

Облыс әкіміне хаттамалық тапсырмалардың орындалысы аппарат басшысының қолымен қызметтік хат жасақталып, қорытынды кесте ұсынылып, орындалған тапсырмалар бойынша бірқатары бақылаудан түсірілді.

Сондай-ақ, 2023 жылдың қорытындысы бойынша облыс әкімінің орынбасарлары мен басқарма басшыларының іссапарларға шығу көрсеткіштері бойынша талдау жұмыстары жүргізіліп, арнайы кесте жасақталды. Атап айтсақ, Басқарма басшыларының 308 рет іссапарға шығуы анықталды. Оның ішінде шетелге – 18 рет, республика бойынша – 147 рет, облыс бойынша – 143 рет.

Талдау нәтижесінде іссапарларға үнемі шығу, атап айтқанда, бюджет қаражатының артық жұмсалыуына әкеп соқтыратын бір мәселе бойынша бірнеше қайтара шығу фактілері анықталып, тиісті есебі жүргізілді.

Қорытынды

- Облыс әкімінің хаттамаларының орындалысын қадағалауды күшейту;
- Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмаларын уақытылы және сапалы орындау;

Ұсыныстар

- Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмаларын уақытылы орындау;
- Облыс әкімінің хаттамалалық тапсырмаларының орындалысын қадағалауды күшейту;